МКҚК «Қарлығаш» бөбекжай -бақшасының
№1 педагогикалық кеңес мәжілісі отырысының хаттамасы.
Тақырыбы: Оқу-тәрбие жұмысындағы өзгерістерді меңгерту.2023-2024 оқу жылының мақсаты мен міндеттері
31.08.2023
Қатысушылар :21
Қатыспағандар: кезекті еңбек демалысында 5 адам

**Күн тәртібі**

1.Бақша бойынша 2023-2024 жаңа оқу жылына арналған жоспардағы өзгерістерді талқылап, бекіту.
2. . Бақшаның жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы
3. Нормативтік құжаттарды таныстыру
4. Педагогтардың 2023-2024 оқу жылына арналған оқу жоспарлары ,перспектива ,циклограма ,ұйымдастырылған іс әрекет кестесі,күн тәртібін бекіту.
5.Іскерлік ойын.
6. № 1 Педкеңес шешімі

*Тыңдалды:*Өткен педагогикалық кеңестің шешімдері бойынша бақша әдіскері Э.Куандыкова хабарламасы тыңдалды.

Келесі сөзді балабақша меңгерушісі С.Дуйсебекова биылғы оқу жылындағы жылдық жоспарды таныстырып өзгерістерді айтып өтті ,жылдық жоспар талқыланып бекітілуге ұсынылды.

Пікір : тәрбиеші А.Әзімова жылдық жоспар бойынша биылғы өзгеріс әрбір тәрбиешіге шығармашылық тақырыптар берілген ,ол деген тәрбиешінің өз бетімен ізденуіне ,және шығармашылықпен жұмыс жасау үшін қолайлы екенін атап өтті.

Жазғы сауықтыру шынықтыру маусымындағы атқарылған жұмыстар туралы хабарламаны балабақша әдіскері ,психологы және медбикесі жасады .Жалпы жаз мезгілінде жоспарланған іс-шаралар

Келесі сөзді балабақша әдіскері алып биылғы оқу жылында басшылыққа алынатын нормотивті құжаттар мен таныстырды. Оның ішінде білім заңы бойынша балабақшаға қатысты 4 баппен таныстырды ,әдістемелік нұсқаулық хатпен ,санпин ережелері туралы бұйрықпен таныстырды.

Келесі кезекте топтардың жаңа оқу жылына арналған тәрбиешілерге қатысты құжаттар меңгеруші тарапынан бекітілуге ұсынылды.

Балабақша әдіскері тәрбиешілерді екі топқа бөліп алып іскерлік ойын жүргізді топ мүшелері жеребе алу арқылы қорғайтын тақырыптарын таңдады .бірінші топ «Мектепке дейінгі ұйымның имиджін қалыптастыру» бойынша ,екінші топ «жалпыға міндетті білім беру стандарты» бойынша тәрбиеші

қандай жкмыстар атқаратынын атап өтіп филичарт қорғауға тапсырмалар берілді .

Бірінші топ басшысы тобымен ақылдаса отырып , балабақша имеджін қалыптастыру үшін,ең алдымен психологиялық ақуалдың тұрақтылығы ,тәрбиешілердің кәсібии біліктілігі сонымен қатар балабақшаның заман талабына сай болып бәсекелестікке қабілеттілігі жоғарғы болу керектігін атап ,өтті.

екінші топ стандарт бойынша өз пікірлерін ортаға салды ,онда стандарт біздің жүйелі жұмыс жасауымыз үшін оны күнделікті оқып ,танысып отыруымыз керек,бағдарламаны жүзеге асыру, топта заттық дамытушы орта жасақтау ,күн тәртібін сақтау ,балалардың ерекшелігі мен қажеттіліктерін ескере отырып білім мен тәрбие беру керектігін атап өтті. Күн тәртібіндегі мәселерді саралай келе педагогикалық кеңес төмендегідей шешім қабылдады.

Шешім:

1. Бақша бойынша 2023-2024 жаңа оқу жылына арналған жоспар бекітілсін.
2. Бақшаның жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін
3. Нормативтік құжаттарды бақшаның тәрбиелеу мен білім беру күнделікті жүзегге асырылсын.
4. Педагогтардың 2023-2024 оқу жылына арналған оқу жоспарлары ,перспектива ,циклограма ,ұйымдастырылған іс әрекет кестесі,күн тәртібін бекітілсін
5. Шешімдер дің орындалуын қадағалау әдіскерге жүктелсін.

Жиналыс төрағасы: С.К.Дуйсебекова

Хатшысы: Э.Куандыкова